КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 5 маусым № 2301-25-00-2/966 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М. Момынжанов,
сот отырысының хатшысы ретінде Ш.М.Борисованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Тапсырыс беруші/ Филармония)

ЖАУАПКЕР:
«Zhuldyz.pro» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Өнім беруші/ Серіктестік)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.Мендигалиева
жауапкер өкілдері А.С.Еділбаева, Ф.М. Танатова, Ж.К.Хуспанова
аудармашы М.Б.Болатқызы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 10 ақпанда тарптар арасында арасында мемлекеттік сатып алу туралы №21 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалып, Серіктестік «Киімді тігу» бойынша қызметті шартқа қол қойылған күннен бастап 45 күнтізбелік күннің ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолдану мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген, жалпы бағасы 3 360 000 теңге.

2025 жылғы 27 наурызға дейін жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындауға міндетті болған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 27 наурызда Филармония қызметкерлерімен Серіктестіктің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны туралы акт жасалған.

2025 жылғы 18 сәуірде Серіктестік тауарды тауарды ағымдағы жылдың 21 сәуіріне дейін жеткізетіндігі туралы кепілдік хат берген.

2025 жылғы 21 сәуірде Серіктестік тауарды Филармонияға жеткізген.

2025 жылғы 21 сәуірде тауар техникалық ерекшелікке сай келмейтіндіктен талап қоюшымен қабылдай, тиісті акт жасалып, жауапкерге техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды 2025 жылғы 30 сәуірге дейін жеткізуге уақыт берілген.

2025 жылғы 30 сәуірде шарт талап қоюшымен бір жақтама бұзылған.

Филармония талап қоюда Серіктестің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын негізге алып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюды нақтылауында Филармония жауапкердің осы талаппен сотқа жүгінгеннен кейін тауарды жеткізгендігін, оның өзі шарт талаптарына сәйкес келмейтіндігін көрсетіп, Серіктестің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын негізге алып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Пікірінде жауапкер талап қоюды мойындамай, талап қоюшымен келісіп, техникалық ерекшеліктерге ауызша өзгертулер енгізілгендігін, соның салдарынан тауар мерзімінде жеткізілмегендігін, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар туындамағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілі А.Мендигалиева талап қоюды қолдап, толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері А.С.Еділбаева, Ф.М. Танатова, Ж.К.Хуспанова талап қоюды мойындамай, пікірде көрсетілген уәждерін қолдап, тауар техникалық ерекшелікке сай келетін болса ұсқынсыз болатындығын, сондықтан көйлекке (тауарға) тиісті өзгерістер енгізілгендігін, алайда талап қоюшымен қабылданбағанын, тараптармен келісілген мерзімде, яғни 2025 жылғы 30 сәуірге дейін Серіктестіктің басшысы сырқаттанып қалғандығындығына байланысты тауарды жеткізбегендігін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 16.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тармағының 3) 4) тармақтарына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті

Шарт міндеттеменің туындауының негізі болып табылады.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Сотта анықталғаны, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін 2025 жылғы 27 наурызға дейін орындауға міндетті болған.

Алайда, жауапкер шарттың талаптарын бұзып, бұл мерзімде міндеттемесін орындамаған.

Бұл мән-жай талап қоюшыға осы талаппен сотқа жүгінуіне негіз болған.

Іс-құжаттарынан және тараптардың түсініктерінен анықталғаны, Серіктестік тауарды тек 2025 жылғы 21 сәуірде жеткізген. Сол күні, тауар техникалық ерекшелікке сай келмейтіндіктен талап қоюшымен қабылданбай, тиісті акт жасалып, кері қайтарылған.

Техникалық ерекшелікке сай, трансформер көйлегі 6 бөліктен тұрады, яғни жылдам ауысу тәсілімен 6 түрлі көйлекке ауысады.

Алайда, бұған қарамастан, жауапкер жеткізген тауарда трансформер көйлектің 1 бөлігін негізсіз қысқартқан, яғни көйлек тек 5 түрлі көйлекке ауысады.

Сонымен қатар, жауапкер техникалық ерекшелікте қарастырылмаған көйлекке белбеулерді, жеңдерді, көбелектерді (гүлдерді) қосып қойған.

Мұны сотта жауапкер теріске шығарған жоқ.

Осыған байланысты жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды 2025 жылғы 30 сәуірге дейін жеткізуге міндеттенген.

Дегенмен, жауапкер белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жеткізбеген.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 16.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл мән-жай шарттың 2025 жылғы 30 сәуірде біржақтама бұзылуына себеп болған.

Демек, істі қарау кезінде тараптардың міндеттері АК-нің 403-бабының күшімен тоқтатылған.

Сот, Өнім берушіні шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындамағаны үшін кінәлі деп табады. Ол жіберген бұзушылықтар Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарға әкелген, өйткені Тапсырыс беруші шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылған.

Бұл мән-жайлар Тапсырыс беруші ұсынған іске қатысты, жарамды және анық критерийлерге сәйкес келетін сот отырысында зерттелген дәлелдемелермен расталады.

Бұл мән-жайды кері шығаратын және техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жеткізгендігін растайтын дәлелдемелерді жауапкер АПК-нің 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған.

Осылайша, жауапкердің шарт талаптарын орындамауы оған Заңның 8-бабы 4-тармағының 4)-тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын, шарттың біржақтама бұзылғанын, нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар туындап, Заңның 8-бабы 4-тармағының 4)-тармақшасында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 (2025 жылғы 0,5 АЕК=1 966 теңге) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 16.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Zhuldyz.pro» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Zhuldyz.pro» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 16.06.2025